

ISSN 2616-678X

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

BULLETIN

of the L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ФИЛОЛОГИЯ сериясы

Серия **ФИЛОЛОГИЯ**

PHILOLOGY Series

№2 (123) / 2018

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Астана, 2018

Astana, 2018

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Редакция алқасы

Аскер оғлы Рамиз	ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Бахтикиреева Улданай	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	ф.ғ.д. проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргүл	ф.ғ.к., (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, ассос. проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серікгүл	ф.ғ.д. проф. (Қазақстан)
Султанов Казбек	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Тәжібаева Сәуле	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	ф.ғ.к., қауымд. проф. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковский Генрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Сатпаев к-сі, 2, 408 б.

Тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Жауапты редактор, компьютерде беттеген Құрманғалиев Ілияс

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы

Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК

ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Тиражы: 35 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 12/1, тел.: (7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief **Dihan Kamzabekuly**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial board

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof (Russia)
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology, (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, assos. Prof (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sultanov Kazbek	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satpayev str., of.408, Astana, Kazakhstan, 010008
Tel.: (7172) 709-500 (ext. 31413)
E-mail: vest_phil@enu.kz

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

Bulletin of the L.N.Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: (7172) 709-500 (ext.31413)

© **L.N.Gumilyov Eurasian National University**

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Редакционная коллегия

Аскероглы Рамиз	д.ф.н., проф. (Азербайджан)
Акматалиев Абдылдажан	д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Бахтикиреева Улданай	д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргуль	к.ф.н., (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, ассос. проф. (Турция)
Каскабасов Сейит	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Серикгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Султанов Казбек	д.ф.н., проф. (Россия)
Тажибаева Сауле	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	к.ф.н., ассос. проф. (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, каб. 408
Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31413)
E-mail: vest_phil@enu.kz

Ответственный редактор, компьютерная верстка Ильяс Курмангалиев

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ
Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК
Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.
Периодичность: 4 раза в год
Тираж: 35 экземпляров
Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: (7172)709-500 (вн.31413)

Мазмұны

<i>Абасилов А.М.</i> Жаңа қазақ әліпбиі: әлеуметтік лингвистикалық мәселелері, оларды шешу жолдары	8
<i>Абдуов М.И., Абдуова Н.М.</i> «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырының діни мотивтері ..	15
<i>Абдразакова А.А., Ахметова Б.Б., Қасқатаева Ж.А., Бакенова А.М.</i> Сан компонентті кейбір киелі ұғымдардың қалыптасу тарихынан	21
<i>Аймұхамбет Ж.Ә.</i> Мифтік кеңістіктегі <i>адамзат</i> пен <i>пері-зат</i> байланысы және оның көркем әдебиетте бейнеленуі	30
<i>Амангазиева М.К.</i> Л.З. Будаговтың «Түрік-татар сөздерінің салыстырмалы сөздігінің» қазақ лексикографиясындағы орны	38
<i>Аубакирова Г.Т., Володина Е.О., Калиева С.Н.</i> Кәсіби-бағытталған шетел тілін үйренудің тұлғалық-бағытталған тәсілі	44
<i>Байбек А.К.</i> Үкілі Ыбырай – сан қырлы дарын иесі	51
<i>Байбеков С.Н., Шормакова С.М., Аязбекова Э.М.</i> Ұлы Дала көне есептері және оның Бөлтірік шешен шығармашылығындағы көрінісі	63
<i>Гауриева Г.М., Жумабекова Ә.А.</i> Студенттердің тілдік компетенциясын қалыптастыруда аутенттік мәтіндерді қолдану	74
<i>Ерғалиева Райхан</i> Қазіргі заманғы қоғамдағы ұлттық мәдени мұраның проблемалары	76
<i>Жұманбекова Н.З., Кабдушева А.Б.</i> Студенттерде шетелдік құзыреттілікті қалыптастыру	81
<i>Искакова Н.С., Ислам А.</i> Заманауи лингвистикадағы бағалау теориясының дамуы	86
<i>Құзбақова Г.Ж.</i> Қазақ әдет-ғұрыптық ән ырғақтылығындағы сөз просодикасы	96
<i>Қыдырмолдина М., Нуржанова Ж.</i> Ағылшын тілін үйрену мен оқытудың маңыздылығы	105
<i>Лазухина Л.В., Әбдіғалиева Т.А.</i> У. Шекспирдің «Отелло» пьесасындағы одағайлардың қазақ тіліне аударылуына талдау	109
<i>Нұрдәулетова Б.И.</i> Жыраулар поэзиясы мәтінінің коммуникативтік ерекшелігі	116
<i>Нұржанова Ж.Д., Дадехан Ж.Б.</i> Интернет көмегімен ағылшын және қазақ тілінің сөздік қорын оқыту әдістемесі	123
<i>Нұржаубек А.</i> Қазіргі әлемдік және отандық лингвистикадағы фрейм туралы ізденістер	129
<i>Оспанова А.К., Турдығылова А.К., Бакенова А.М.</i> Шетел тілі мұғалімдерінің рефлексивті қабілеттіліктерін дамуы	139
<i>Тұрысбек Р.</i> Ұлттық тіл табиғаты: әліпби мәні мен эволюциясы (<i>Латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиінің тарихы мен даму үрдістері туралы</i>)	146
<i>Рысбаева Г.Қ., Исаева Ж.Т., Тұңғышбаева Ғ.Ж.</i> Ғаламның тілдік «культ» концептісі	155
<i>Сәрсекенова Қ.Қ., Меліс А.М., Тойбекова С.Р.</i> Филология мамандығы бойынша білім алушыларды компьютерлік технология бағытында оқыту	166
<i>Шаймерденова Н.Ғ.</i> Қазақстандағы татарлардың тарихы, тілі, мәдениеті	173
<i>Жазбадерек.</i> Гуманитарлық ғылымдарға саясимәдениет әлемінде заманауи зерттеу	185
<i>Рәсімдеу үлгісі</i>	188

Contents

<i>Abasilov A.M.</i> New Kazakh Alphabet: Sociolinguistic Problems and Their Solutions	8
<i>Abduov M.I. , Abduova N.M.</i> Religious Motifs in “Kozy Korpesh – Bayan Sulu” Poem	15
<i>Abdrzakova A.A., Akhmetova B.B., Kaskatayeva Zh.A., Bakenova A.M.</i> From History of Development of Some Sacral Concepts with Numerical Component	21
<i>Aimukhambet Zh.A.</i> The interdependence of humanity with the fairy in the mythical space and its reflection in the artistic literature	30
<i>Amangazyieva M.K.</i> L.Z.Budagov’s «Comparative Dictionary of Turkish-Tatar Words» in Kazakh Lexicography	38
<i>Aubakirova G.T., Volodina E.O., Kalieva S.N.</i> Personally-Oriented Approach in Teaching Professionally-Oriented Foreign Language	44
<i>Baibek A.K.</i> Ykili Ybray – Versatile Master of Transformations	51
<i>Baybekov S.N., Shormakova S.M., Ayazbekova I.M.</i> Ancient Tasks of the Great Steppe and Their Place in Boltirik Sheshen’s Work	63
<i>Gauriyeva G.M., Zhumabekova A.A.</i> Use of Authentic Texts for Formation of Students’ Linguistic Competence	74
<i>Yergaliyeva Rakhan</i> The Problem of National Cultural Heritage in Modern Society	76
<i>Zhumanbekova N.Z., Kabdusheva A.B.</i> Formation of Foreign Competencies in Students	81
<i>Iskakova N.S., Islam A.</i> Development of Evolution Theory in Modern Linguistics	86
<i>Kuzbakova G.Zh.</i> Prosody of the Word in Kazakh Ritual Song Rhythmics	96
<i>Kydyrmoldina M.S. , Nurzhanova Zh.D.</i> The Importance of Learning and Teaching English Language	105
<i>Lazukhina L.V., Abdygalieva T.A.</i> Analysis of the translations of U. Shakespeare’s «Othello» plays in the Kazakh language	109
<i>Nurdauletova B.I.</i> Communicative Peculiarities of the Bard Texts	116
<i>Nurzhanova Zh.D, Dadekhan Zh.B.</i> Teaching English and Kazakh vocabulary by means of the Internet	123
<i>Nurzhaubek A.</i> Frame Research in the Modern World and Domestic Linguistics	129
<i>Ospanova A.K., Turdygylova G.D., Bakenova A.M.</i> Development of Reflexive Abilities of Foreign Languages Teacher	139
<i>Turysbek R.</i> Kazakh Inscription is Spirituality (About the history and trends of the Kazakh language based on Latin graphics)	146
<i>Rysbayeva G.K., Issayeva Zh.T., Tungushbayeva G.Zh.</i> Concept of “Cult” in Linguistic Picture of the World	155
<i>Sarekenova K.K., Melis A.M. Toybekova S.R.</i> Training Graduates of Philology Specialty in the Field of Computer Technology	166
<i>Shaymerdinova N.G.</i> The History, Language and Culture of Tatars in Kazakhstan	173
Chronicle. Modern research on humanitarian sciences in the polycultural peace	185
Template	188

Содержание

<i>Абасилов А.М.</i> Новый казахский алфавит: социолингвистические проблемы, пути их решений	8
<i>Абдуов М.И., Абдуова Н.М.</i> Религиозный мотивы в лиро-эпическом произведений «Козы Корпеш – Баян сулу»	15
<i>Абдразакова А.А., Ахметова Б.Б., Каскатаева Ж.А., Бакенова А.М.</i> Из история развития некоторых сакральных понятий с компонентами числительных	21
<i>Аймухамбет Ж.А.</i> Взаимосвязь человечества с феи в мифическом пространстве и его отражение в художественной литературе	30
<i>Амангазиева М.К.</i> Роль «Сравнительного словаря турецко-татарских наречий» Л.З. Будагова в казахской лексикографии	38
<i>Аубакирова Г.Т., Володина Е.О., Калиева С.Н.</i> Личностно-ориентированный подход в обучении профессионально-ориентированному иностранному языку	44
<i>Байбек А.К.</i> Үкілі Ыбырай – многоликий мастер перевоплощений	51
<i>Байбеков С.Н., Шормакова С.М., Аязбекова Э.М.</i> Древние задачи Великой Степи и их место в творчестве Болтирик шешена	63
<i>Гауриева Г.М., Жумабекова А.А.</i> Использование аутентичных текстов при формировании языковой компетенции студентов	70
<i>Ергалиева Р.А.</i> Проблемы национального культурного наследия в современном социуме	76
<i>Жуманбекова Н.З., Кабдушева А.Б.</i> Формирование иноязычных компетенций у студентов	81
<i>Искакова Н.С., Ислам А.</i> Развитие теории оценки в современной лингвистике	86
<i>Құзбақова Г.Ж.</i> Просодика слова в казахской обрядовой песенной ритмике	96
<i>Қыдырмолдина М., Нуржанова Ж.</i> Важность обучения и преподавания английского языка	105
<i>Лазухина Л.В., Абдигалиева Т.А.</i> Анализ перевода на казахский язык междометий пьесы У. Шекспира «Отелло»	109
<i>Нурдаулетова Б.И.</i> Коммуникативные особенности текстов жырау	116
<i>Нуржанова Ж.Д., Дадехан Ж.Б.</i> Приемы изучение английской и казахской лексики с помощью интернет	123
<i>Нуржаубек А.</i> Фреймовый подход в современной отечественной и мировой лингвистике	129
<i>Оспанова А.К., Турдыгылова А.К., Бакенова А.М.</i> Развитие рефлексивных умений учителей иностранных языков	139
<i>Турысбек Р.</i> Природа национального языка: сущность и эволюция алфавита (<i>Об истории и тенденциях казахского языка на основе латинской графики</i>)	146
<i>Рысбаева Г.К., Исаева Ж.Т., Тунгышбаева Г.Ж.</i> Концепт «Культ» в языковой картине мира	155
<i>Саркенова К.К., Мелс А.М., Тойбекова С.Р.</i> Обучение выпускников филологических специальностей в области компьютерных технологий	166
<i>Шаймерденова Н.Г.</i> История, язык, культура татар в Казахстане	173
<i>Хроника.</i> Современные исследования по гуманитарным наукам в поликультурном мире ...	185
Образец оформления статьи	188

ХҒТАР 16.01.17

Б.И. Нұрдәулетова

*Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау, Қазақстан
(E-mail: nurdauletova@mail.ru)*

Жыраулар поэзиясы мәтінінің коммуникативтік ерекшелігі

Андатпа. Бұл мақаланың мақсаты жыраулық мәтіндердің коммуникативтік қызметінің ерекшеліктерін қарастыру болып табылады. Зерттеу нәтижесінде автор ауызша дүниеге келу ерекшеліктеріне қарамастан қазақ жыраулық мәтіндері белгілі бір дәуір туғызған мәдениеттің, шығармашылықтың, рухани қызметтің жемісі әрі осындай рухани байлықты ұрпақтан-ұрпаққа сақтап жеткізуші феномен болып табылатынын тілдік деректермен дәлелдейді.

Мәтіннің коммуникативтік қызметінде адресат және адресант арақатынасы басты орын алады. Мәтін «ғұмырының» ұзақтығы оның реципиент тарапынан қалай қабылданып, қаншалықты түсінілгендігімен байланысты. Жыраулық мәтіндердің түсінілімі мен қабылдануында өзіндік ерекшеліктер бар. Жырдың негізгі авторымен бірге бірнеше қосалқы авторы болады. Олар: жырды шығарған жырау, жырды жаттап, кейінгіге жеткізген жыршы, жыр мәтінін жазуға түсірген редактор. Негізгі автордың бастапқы идеясын сақтай отырып, кейінгі қосалқы авторлар да өзіндік қолтаңбаларын қалдырады. Жыр коммуникациясында бастапқыда мәтін қабылдаушы роліндегі жыршылар, редакторлар кейін өздері де сол мәтінді жасаушыларға (авторға) айналады.

Жүргізілген зерттеу негізінде автор жыраулық мәтіннің коммуникациялық кезеңдерін (коммуникацияға дейінгі, вербалды, коммуникациядан кейінгі), автор-жырау мен тыңдаушы-реципиент қарым-қатынасының ерекшелігін, мәтін түзіліміндегі «аялық білімнің» мәні мен мәтін тезаурусы, мәтін түзілімінің мақсатын, мәтін коммуникациясындағы экстралингвистикалық, паралингвистикалық (бейвербалды) факторлардың қызметін көрсетеді.

Түйін сөздер: жыраулық поэтика, реципиент, адресант, адресат, аялық білім импровизация, прессиупозиция.

Жыраулық болмыстың қайталанбас (әдеби-тілдік көркемдігі, философиялық-логикалық тереңдігі) табиғатында ерекше назар аудартатын құбылыс оның ауызша таралып ауызша жетуімен байланысты. Осы орайда жырдың ауызша, суырыпсалмалықпен дүниеге келу ерекшелігі, ақындық пен жыршылықтың бөлекше табиғаты туралы әңгіме қозғамай өту мүмкін емес. Сондай-ақ жеке адамдардың (тыңдаушы, қабылдаушы әрі жанама автор, айтушы) жадылық қабілетіне ғана сүйеніп, уақыт керуенімен бірге көшіп жеткен өлең мәтіндерінің мазмұндық, коммуникативтілік ерекшелігі де назар аударуға тұрарлық мәселе.

Мәтін лингвистикасы туралы сөз болғанда, бір зерттеулерде мәтіннің жазба нұсқаға түскен сөйлеу құрылымы екендігі баса айтылса, кейбір зерттеушілер мәтінді ауызша да, жазбаша да сөйлеу құрылымында кездесетін тілдік жүйе ретінде қарастырады. Мәтін қандай формада көрініс берсе де (ауызша, жазбаша, мономәтін түрінде, поэзиялық, прозалық сипатта) белгілі бір дәуір туғызған мәдениеттің, шығармашылықтың, рухани қызметтің жемісі әрі осындай рухани байлықты ұрпақтан-ұрпаққа сақтап жеткізуші феномен.

Көркем мәтіннің басты белгілері ретінде оның біртұтастығы, белгілі бір ойды жеткізудегі жүйелілігі, басталуы мен аяқталуының болуы, тақырып тандалымы, мәтін арқылы белгілі бір ақпараттың берілуі (информативтік қызметі) және мәтіннің қарым-қатынас құралы (коммуникативтік қызметі) бола білуі, сондай-ақ, ең маңыздысы, мәтін арқылы адам дүниетанымының, ұлттық рухани мәдениетінің көрініс беруі (мәтіннің кумулятивтік қызметі), сол арқылы жеке адам тұлғасының, дүниенің тілдік бейнесінің жасалуы (мәтіннің концептуалдық-тілдік қасиеті) туралы зерттеліп те айтылып та жүр [1, 58].

Жыр мәтіні ауызша дүниеге келу ерекшелігіне қарамастан көркем мәтінге тән барлық талаптарға жауап бере алады. Пікірімізді дәлелдеу үшін нақты жыр мәтіндеріне талдау жасаймыз.

Жыраулар поэзиясының мәтініне зерттеу жүргізу мәтіннің дүниеге келуіндегі кейбір ерекшеліктерді ескеруді талап етеді. Орыс фольклорын зерттеуші В.Е.Гусев фольклорға тән төрт басты белгіні көрсетеді. Солардың қатарынан зерттеуші көрсеткен екі белгі біздің зерттеу жағдайымызда жыраулар поэзиясының мәтініне де қатысты деп есептейміз: біріншіден, фольклор мәтінінде көркем образ жасайтын әр алуан элементтер болады: сөз, музыка, хореография, мимика. Соның ішінде сөз элементі басты категория болып есептеледі. Екіншіден, фольклордың өмір сүру сипаты ерекше, яғни «фольклордың дүниеге келу процесі орындаушы мен тыңдаушыны бір мезгілде қатыстыратын, туындыны бір мезгілде көруге де, тыңдауға да болатын творчестволық акт» [2, 6-7]. Жыр ауызша дүниеге келіп, ауызша тарағандықтан (кейінірек хатқа түскені өз алдына мәселе) автордың бастапқы идеясы сақталып, оның берілу тәсілі – (тілдік және тілдік емес тәсілдер) кейінгі қосымша авторлардың (олардың өзі бастапқыда тыңдаушы ретінде қатысып, кейін жырды өздері айтып, басқаларға жеткізуіне байланысты қосымша авторларға айналған) сөз саптауымен дамытылып, өзгеріп отырған. Соған байланысты мәтін ішіндегі жеке сөздер мен сөйлем (ой) құрылымдары өзгеруі мүмкін. Оған дәлел кейде бір шығарманың бірнеше нұсқада сақталып жетуі. Мәтінге жыршы не жырау арнайы тақырып қойып, ат беріп, айдар тағуды мақсат санамаған, жырға атауды тыңдаушылардың өзі қойып алатын кездері көптеп ұшырасқан. Бұл пікірімізге бір шығарманың бірнеше атпен сақталуы немесе жырлардың көпшілігінің алғашқы сөйлемдермен аталып кетуі дәлел болады. Осындай фактілер мәтін табиғатына талдау жүргізуде тыңдаушы мен жаттап айтушының қабылдау, түйсіну деңгейі мен ерекшелігін де ескеру қажеттігін талап етеді.

Көркем мәтін сөз болғанда, оның басты ерекшелігі ретінде бірыңғай коммуникативтік қызметке негізделген ішкі тұтастық [3,5] баса айтылады. Мәтін үшін ең қажеттісі – оқырман не тыңдаушы. «Тыңдалмаған сөз жетім» деген халық мәтелінің түпкі мәні де осыған тіреледі. Гегель өзінің «Эстетика» еңбегінде «Кез келген өнер туындысы өзімен бетпе-бет келген әрбір адаммен диалог құра алады» [3, 5], – деп жазды. М.Бахтин бастаған зерттеушілер мәтіннің диалог құруға бейімділігін ерекше атайды [4]. Мәтінтануда мәтіннің қабылдануы, автор – мәтін – қабылдаушы арақатынасы туралы мәселе ең өзекті проблема екені байқалады. Мәтін «ғұмырының» ұзақтығы оның қалай қабылданғанына, реципиент санасында қандай дәрежеде зерделенуіне байланысты. А.А.Потебня: «*Өнер туындысы дүниеге келгеннен кейін оның мазмұны суреткер арқылы емес, түсініп, қабылдаушы арқылы өсіп дамиды*» [5,205], – дейді.

Көркем мәтін шындық өмірді жеке (индивидуалды) таным тұрғысынан бейнелейтін дүниенің образды бейнесі болып табылады. Бұның өзі оның оқырманға бірдей түсінікті болу, қабылдану проблемасын жоққа шығармайды. Әрбір оқырманның (реципиенттің) дүниені тану мен бағалаудағы дара түсінімдерінің бар екенін, сондай-ақ реципиент тезаурусының автор тезаурусымен сәйкесе бермеу мүмкіндігін ескерсек, белгілі бір мәтіннің қабылдануы барлық уақытта бірдей деңгейде бола бермейді. Мәтіннің ұғынықты болуында тек сөйлеуші ғана емес, тыңдаушы мүддесі де ескерілуі тиіс.

Мәтін сөйлеудің біршама күрделі бірлігі ретінде өзін құрайтын элементтердің (сөз, сөйлем, сөз тіркесі) мағынасынан бөлек сападағы ұғымды береді. Мәтінді мағыналық қабылдау жеке сөздерді танбалық қабылдаудан, олар арқылы берілетін тұтас мағынаны қабылдауға дейінгі деңгейлік саты арқылы жүзеге асырылады. Мәтінді түсінуге қиындық келтіретін жағдаяттар ретінде зерттеушілер диалектизмдерді, көнерген сөздер мен неологизмдерді, тар аядағы кәсіби терминдерді атайды. Реципиенттің жеке сөздер мен сөз тіркестерін түсінбеуі оның тұтас мәтінді ұқпауына әкеп соқтыруы мүмкін. Соған қарамастан

реципиент мәтіннің жалпы не жайында екенін пайымдай алады [6, 89]. Жеке элементтері түсініксіз, мағыналық тұтастығы «бұзылған» мұндай мәтіндерді оқырман өзінің варианттарын ұсына отырып, жаңғырта қабылдайды, қалпына келтіруге тырысады. Кез келген мәтінді қабылдау барысында оқырманның онымен эквивалент бола алтындай мағыналы мәтінді дайын болады. Мәтінді толық түсінуге ұмтыла отырып, реципиент кейбір түсініксіз оралымдарды түсіну үшін жеке сөздердің мағынасын қайта қарап, қажет жағдайда оларды өзіне түсінікті сөздермен ауыстыруға дейін барады. Мәселен, Аралбай жырау Оңғарбекұлының «Жұт жылына» деген толғауындағы: «Әбу тастан үй салып, Қисапты малға қарамай» [7,430], – деген жолдардағы әбу тас сөзі кейінгі басылымдарда ССУДА (ССУДА-ға тастан үй салып) түріне өзгертілген, себебі көшіруші редактор әбутас сөзін түсінбегендіктен ССУДА деп редакциялаған, ХІХ ғасырдың аяғы, ХХ ғасырдың басында қазақ байларының орыс патша үкіметінен несие алып, үй салуы мүмкін еместігін ескермеген.

Зерттеуші Н.Уәлидің пайымдауына сүйенсек, мәтін коммуникациясы үш кезеңнен тұрады: коммуникацияға дейінгі кезең, вербалды кезең, коммуникациядан кейінгі кезең [8, 10]. Жыраулар поэзиясы мәтіннің коммуникациясына қатысты айтар болсақ, жырдың дүниеге келуі көп жағдайда суырыпсалмалық (импровизация) жағдайда өтетіндіктен, коммуникацияға дейінгі кезең жырдың арналатын ортасының (жыраулар тілімен айтсақ, алқаның) психологиялық қалпына, менталды деңгейіне, сонымен бірге жырды дүниеге келтіруге «мәжбүрлеген» алғы шарттарға байланысты өрбиді. Жырдың табиғатына байланысты мәтін қабылдау процесінде автор мен реципиенттің қарым-қатынасы негізінен тікелей жүзеге асады (жыршы мен тыңдаушы бетпе-бет отырады). Кейде автор жыр, толғауды нақты біреуге арнайды, ондай жағдайда автор өзінің тыңдаушысымен ғана емес, кейіпкерімен (субъект-объект) де бетпе-бет келеді. Осындай мәтіндердің мазмұны арнау табиғатына (мазмұнына, мақсатына) да байланысты әр алуан болып келеді. Мәселен, Қашағанның «Есқали сұпыға арнауы» жырының мазмұнында адресант пен адресаттың бір-біріне көзқарасы, яғни бағалаушылық факторы ерекше көзге түседі. Мәтін коммуникациясының сәтті аяқталуы адресанттың ақпараты адресатқа толық түсінікті болып жетуімен өлшенеді десек, ол үшін адресант (автор) адресатқа (біз қарастырған мәтінде тыңдаушы – объект) неғұрлым танымдық тұрғыдан жақын мәселелерді жыр мазмұнына өзек етеді. Мәтін коммуникациясының осы сипатын Н.Уәли: «Адресант өз сөзінің тигізер ықпалын болжай отырып, өзінің түпкі мақсатына жету үшін тыңдарман/оқырманның қабылдауына тиімді баяндау стратегиясын ойластырады және адресаттың білім дүниелерімен санасады» [8,12], – деп түсіндіреді. Есқали сұпы – Қашаған-автор үшін әрі қарсылас, әрі кейіпкер, әрі тыңдаушы-қабылдаушы. Есқали сұпы – дін адамы, сондықтан Қашаған оның жанына дөп тиетін ең төте, ең әсерлі факт ретінде оның сұпылығына қатысты тарихи-танымдық деталдарды алып, сол арқылы қарсылас-кейіпкерінің кемшіліктерін бетіне басып, ықтырып алуды көздейді: «Бұл сұпының мен білдім Дінінің тұтқан мүкісін. Жақсы болсаң, сұпеке, Ислам дінінің құтысың. Жаман болсаң, сұпеке, Ислам дінінің жұтысың! Мұсылманышылық қалыпқа Ұқсамай отыр бітісің – Өзің – Құдайдың жолын күткен сұпысың!» [9, 23]

Қашаған автордың мәтін түзіліміне діни дүние бейнесіндегі адресантқа да адресатқа да ортақ «сұпы» туралы аялық білім негіз болған. Яғни сұпы – «шын мәніндегі таза мұсылман, адамгершіліктің ең жоғары сатысындағы адам, немесе «шынайы адам»». Қабылданған, қалыптасқан ұғым бойынша сұпы қандай болу керек деген мәселеде жыр мазмұнынан төмендегідей мәлімет аламыз:

1. Қонақты сыйлау: «Сақилықтың белгісі – Мейман келсе үйіне, Қазаны толы қайнайтын... Ақылы бар мыйлы адам Азамат – ерге «Тек» дей ме? Қонаққа келген «Кет» дей ме? Бұрынғы шалдар ақылды, Айтқан сөзі мақұл-ды, «Қонағы болса ыразы Құдай ыразы» деген сөз – Солардан қалған нақыл-ды. Расулы Пайғамбар «Қонақпын» деп келгенде Түйесімен арқалап Құрмет еткен жоқ па еді Атасы басқа кәпірді?» [9,24]

2. Дінді тілмен емес, жүрекпен ұстану: «Сұпылығың сенің қай жақта, Шын тентекке ұқсадың. Ораза, намаз – парыз-ды, Қайтарған Хаққа қарызды Менің де тұтқан дінім бар. Зікір, таспих айтатын Жүрегімде, ишшалла, Мұсылманишылық ілім бар...» [9,26]

3. Шынайы адамға тәкәппарлық, менмендік жат: «Жалғыз билеп тұрғандай. Бақи менен Фәниді – Сұпекең неге далыйды? – Тәкәппар, менмен мұндайды Тәңірім жазбай таныйды» [9,22].

4. Өнер (ақындық, жыршылық, күйшілік) құдайдың құдіретімен ерекше қасиет ретінде адамға берілетін адамзаттың рухани азығы. Сондықтан жыр мен домбыра дінге жат болмау керек: «Келе сала, сұпы-еке, Домбырамды менің боқтадың, Домбырам – менің жолдасым, Домбырамды боқтасаң Өзімді басқа соққаның... Қолымдағы ағашым – Алып жүрген домбыра, Тартқан сайын даңғыра, «Домбыра – күнә» деген сөз Тек бір айтқан дабыра» [9,26]. Осы айтылған қасиеттердің барлығы Қашағанның бағалауында Есқали сұпының бойында табылмағандықтан, ақын мәтіннің түйінін: «Саналыға сөзім тыңдалған, Санасыздың белгісі – Пайдалы сөз айтса бұлданған. Дүниенің қызық-зауқынан, Ақырет күннің қаупынан – Бәрінен де сендердей Түйте сақал, қырма мұрт Надан сұпылар құр қалған» [9,30], – деп аяқтайды.

Кейбір мәтін белгілі бір ситуация үстінде дүниеге келеді. Адресантпен бетпе-бет бірнеше адресаттар болуы мүмкін. Ондай жағдайда сол жердегі адресаттарға ортақ, бірдей түсінікті ақпараттар, тіпті тезаурус негізге алынады. Мәтін мазмұны сол сәттегі ситуацияға, адресаттың әлеуметтік құрамына, жас мөлшеріне де байланысты құрылады. Қашағанның «Қонаққәде» жырының мәтіні бастан-аяқ жыр дүниеге келген сәтте куә болған қыз-келіншектерге, ақынның құрдастарына, жеңгелеріне, жігіттерге арналады. Соған байланысты жыр мазмұнында жеңіл әзіл мен ақыл-өсиет айту алмасып келіп отырады. Тыңдаушыны зеріктіріп алмай, ықыласын арттыра түсу үшін автор өлең мәтініне күлкі тудыратын анайы сөздерді де қосып отырады.

Мәтіннің коммуникативтілік деңгейі автордың белгілі бір мақсат көздеуімен де (коммуникацияға дейінгі кезең: жырдың дүниеге келуінің алғы шарты, автордың көздеген мақсаты, айтпақ идеясы, ойы) өлшенсе керек. Жырда бұндай мақсатты нақты (немесе сәттік), жанама (немесе түбегейлі) деп бөліп қарастыруға болатын тәрізді. Мәселен жыршы (автор) белгілі бір ситуацияның үстінде жыр арнайды. Оның нақты мақсаты сол сәттегі жағдайды нысанаға алуы мүмкін. Қашаған ақын атына жем сұрау үшін әрі қонаққәде деп қолқалаған құрбы-құрдастарының меселін қайтармау үшін кейіннен ел ішіне «Қонаққәде», «Азық жыры» деген атпен кең тарап кеткен жырды дүниеге әкелді. Бірақ жыр – өнер туындысы, оның мақсат мүддесі тар аяда қала алмайды. Ол адамзат баласының мүддесіне қызмет етуі тиіс. Сондықтан да Қашаған ақын ауыл-үйдің әзіл-қалжыңын айтқан болып отырып тыңдаушысын жалпы адамгершілікті насихаттайтын, олардың дүние танымын шыңдайтын, ой салатын ауқымды мәселелерді қозғауды ұмытпайды. Біз бұны жыр мәтіні коммуникациясындағы түпкі мақсат деп түсіндіреміз және бұл барлық жыр табиғатына тән ерекше болмыс болып табылады.

Кейде мәтін коммуникациясы тыңдаушыны бір мақсатқа жұмылдыру, белгілі бір оқиғаға итермелеу мақсатын да көздейді. Мұндай кезде тыңдаушы психикасына ерекше әсер ететін, тыңдаушының эмотивтілігін арттыратын экспрессивті, эмоционалды сөздер, бағалауыштық қолданыстар таңдалады. Мәтіннің дүниеге келу шартына байланысты (ат үстінде, соғыс жағдайында, асығыс) неғұрлым түсінікке жеңіл ұғымдар, оңай ұйқастар іске қосылуы мүмкін, бірақ оның өзі жыраудың ұтқыр ойлылығы мен суырып салма шешендігін талап етеді. Бұндай кезде экстралингвистикалық (тыңдаушының таным-түсінігі, оған әсер ететін тілден тыс фактілер: ата бабасының тарихын айту, өзінің ерекше қасиетін айтып мақтау), паралингвистикалық (мимика, қимыл-қозғалыс) факторлар да мәтін коммуникативтілігіне үлес қосатыны сөзсіз.

Қалнияз жырау Шопықұлы Махамбет ақын тәрізді өз кезеңінде «жорық жыршысы» ретінде танымал болған, талай қазақ-қалмақ, қазақ-түрікмен арасындағы шайқастарға қатысып, батырларға жырымен дем беруші әрі жауынгер, батыр, әрі ұран көтеріп алға бастаушы, насихатшы жырау болған.

Қазақ-түрікмен арасындағы бір қақтығыста қан майданға кіруге жүрегі дауаламай кідіріп қалған адай Қожалақ батырдың қасына жетіп барып, домбырасын қағып-қағып жіберіп: *«Халқына мақтан Қожалақ, Жауына шапқан жағалап, Әруақты ердің сойы едің – Аржағың Сармыс, ер Жанақ, Екіталай егесте Жерің жоқ қалған қорғалап. Осы сапар не болды, Атыңның басын бұрмалап?...»* [9, 137], – деп жырлай жөнеледі. Осындағы «жетіп бару», «домбырасын қағып-қағып жіберу (майдан даласында ұзақ толғап тұра алмайтынны белгілі)», «шапшаң жырлай жөнелу» қимыл-әрекеттері тыңдаушысына жедел әсер етудің тілден тыс тәсілдері болып саналады. Мәтіндегі қарамен берілген жолдар автордың тыңдаушысына психикалық, физиологиялық жақтан әсер етудің құралы ретінде қолданған тілдік-танымдық фактілерін көрсетеді. Немесе «Батырларды жігерлендіріп айтқаны» деген толғауда: *«Арғымақтан туған қазанат, Ардагер өңшең азамат. Асардай аға көтерген Сарала туың қолда тұр, Ардақтап сүйген ұлдарың, Арулап өскен қыздарың Айдауға түсіп тарығып Алдында жаудың – жолда тұр. Соларды жауға қалдырып, Жан-сауғалап қаңғырып Қайырылғаның – өлгенің! Қайтадан елге барарсың, Ұялмай топқа қарарсың Айнымай жауға кіргенің, Қарабет болып қашқаннан Жақсы емес пе жұлқысып, Қан-майданда өлгенің? Уа, азамат-бауырым!»* [9,148], – деген жолдарда «Арғымақтан туған қазанат, Ардагер өңшең азамат», «Уа, азамат-бауырым» қаратпалары батырларды (адресат-субъект) жігерлендіру, қазір айтылмақ ойға, сол арқылы ортақ іс-әрекетке жұмылдыру мақсатын көздесе, «Қайырылғаның – өлгенің!» «Қайтадан елге барарсың, Ұялмай топқа қарарсың», «Қарабет болып қашқаннан, Жақсы емес пе жұлқысып, Қан-майданда өлгенің?» деген жолдар батырлардың ар-намысына тиіп, қайрау мақсатында айтылған. Яғни автор тыңдаушысына неғұрлым нәтижелі әсер ету үшін психикалық шабуыл жасау әдісін де қолданған.

Мәтіннің құндылығы оның белгілі бір ақпараттар жүйесін бере алуымен де айқындалады. Ғылыми-теориялық аяда хабарламалардың барлығы бірдей ақпараттық мән бере алмайды. А.Мартиненің байқағанындай, «ақпарат» және «коммуникация» бір-бірін жоққа шығармайтын, бірақ бір-бірімен сәйкеспейтін әр басқа ұғымдар болып табылады [10, 94]. Ақпарат категориясы таза лингвистикалық аядан тыс көптеген мәселелерді қамтиды. Сондай мәселенің бірі – ақпараттың «жаңалығы» мәселесі. Жаңа ақпарат әлеуметтік, психологиялық, ғылыми-техникалық, жалпы мәдени, жас мөлшері, мезгілдік т.б. факторлардан тыс қаралмайтыны анық. Бір тыңдаушыға жаңалық болып көрінген ақпарат екінші тыңдаушы үшін жаңалық емес не мүлде түсініксіз болуы мүмкін. Немесе белгілі бір мезгіл өтуімен байланысты сол уақытқа дейін жаңалық болып келген мәселе өзінің ақпараттық мәнін жоғалтады. Екінші мәселе ақпараттың құндылығымен байланысты. Олардың эстетикалық, танымдық немесе ғылыми мәнділігі барлық уақытта адамзат мәдениетінің қазынасында сақталады. Олар барлық уақытта жаңаның көзі болып, ақпараттық құндылығын сақтайды.

Біздің зерттеулерімізге дерек болған жыраулар поэзиясының мәтінін өзінің ақпараттық құндылығы жағынан мезгілдік заңдылыққа бағынбайтын, ұлттық мәдениет пен жалпы адамзатқа ортақ идеяны бойына жинаған когнитивтік кеңістік ретінде қарастыруға болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Ахмедьяров К.К. Формирование и развитие метаязыка русской лингвистической поэтики. Диссертация доктора фил. наук. / К.К. Ахмедьяров - Алматы, 2003. – 250 с.
- 2 Гусев В.В. Проблемы фольклора в истории эстетики. / И.И. Гусев - Москва: Академия наук СССР, 1963. - 254 с.

- 3 Мучник Г.М. Текст в системе художественной коммуникации // Восприятие анализ, интерпретация. / Г.М. Мучник // - Алматы: Балауса, 1996. - С.192.
- 4 Бахтин М.М. Проблемы поэтики и истории литературы. / М.М. Бахтин - Саранск, 1993. - 402 с.
- 5 Потебня А.А. Теоретическая поэтика. / А.А. Потебня - Москва: Высшая школа, 1990. -342
- 6 Белянин В.П. Психолингвистические аспекты художественного текста. / В.П. Белянин - МГУ, 1988. - 121 с.
- 7 Жылқышиев Ж. Тіл таңбалы ақындар. / Ж. Жылқышиев - Ақтау, 2016. – 432 б.
- 8 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Филология ғылымдары докторының диссертациясы / Н. Уәли - Алматы, 2007. – 270 б.
- 9 Жылқышиев Ж. Қайыртпай кеткен Қашаған. / Ж. Жылқышиев - Алматы: Жазушы, 2011. – 432 б.
- 10 Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. / И.Р. Гальперин - Москва: Наука, 1981. -334 с.

Нурдаuletova Б.И.

*Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга им Ш.Есенова,
Ақтау, Казахстан*

Коммуникативные особенности текстов жырау

